

## Мемлекеттік орман қоры учаскелерінде орман пайдалану төлемақысының мөлшерлемелері туралы

Ақтөбе облыстық мәслихатының 2009 жылғы 21 желтоқсандағы № 236 шешімі. Ақтөбе облысының Әділет департаментінде 2010 жылғы 27 қаңтарда № 3326 тіркелді.

"Ақтөбе" газеті 2010 жылғы 9 ақпан, № 21 (19.240);  
"Актюбинский вестник" от 9 февраля 2010 года, № 21 (18.992);

---

*Ескерту. Тақырыбында, бүкіл мәтіні бойынша және қосымшаларында қазақ тілінде "ставкалары", "ставкаларының" сөздері "мөлшерлемелері", "мөлшерлемелерінің" сөздерімен ауыстырылды, орыс тіліндегі мәтін өзгермейді – Ақтөбе облыстық мәслихатының 30.05.2017 № 160 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).*

Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 8 шілдедегі "Қазақстан Республикасының Орман Кодексі" Кодексінің 14-бабының 2) тармақшасына, Қазақстан Республикасының 2017 жылғы 25 желтоқсандағы "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" (Салық Кодексі) Кодексінің 587-бабының 1-тармағына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6-бабының 5-тармағына және Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің міндетін атқарушының 2009 жылғы 12 маусымдағы № 344 "Мемлекеттік орман қорында және ерекше қорғалатын табиғи аумақтарда орман пайдалану үшін төлем ставкаларын есептеуге арналған ережелер мен әдістемелік нұсқаулықтарды бекіту туралы" бұйрығымен бекітілген, нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5719 тіркелген, Мемлекеттік орман қорында және ерекше қорғалатын табиғи аумақтарда орман пайдалану үшін төлем ставкаларын есептеу Ережесінің 4 және 8-тармақтарына сәйкес, Ақтөбе облыстық мәслихаты

**ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

*Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда – Ақтөбе облыстық мәслихатының 22.02.2018 № 254 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).*

1. Мемлекеттік орман қоры учаскелерінде орман пайдалану төлемақысының мөлшерлемелері 1, 2, 3 қосымшаларға сәйкес бекітілсін.

2. Орман пайдалану төлемінен түскен қаражат жергілікті бюджет кірісіне жіберілсін.

3. Орман пайдалану төлемақысының мөлшерлемелері мөлшері мәліметін төлемшілерге жеткізу "Ақтөбе облысының табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасы" ММ-не (келісім бойынша), Ақтөбе қаласы және аудандардың әкімдеріне (келісім бойынша) ұсынылсын.

4. "Мемлекеттік орман қоры учаскелерінде орманды пайдалану төлемақысының мөлшерін бекіту туралы" (нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3202 тіркелген, "Ақтөбе" газетінің 2007 жылғы 28 сәуірдегі № 52-53 және "Актюбинский вестник" газетінің 2007 жылғы 3 мамырындағы № 54-55 жарияланған) облыстық мәслихаттың 2007 жылғы 4 сәуірдегі № 342 **шешімінің** күші жойылды деп танылсын.

5. Осы шешім алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Облыстық  
мәслихаттың Облыстық мәслихаттың  
сессия төрағасы хатшысы  
Қ. ТОҚТАРОВ Б. ОРДАБАЕВ*

2009 жылғы 21  
желтоқсандағы  
№ 236  
облыстық  
мәслихаттың  
шешіміне 1  
қосымша

**Мемлекеттік орман қоры учаскелерінде қосалқы сүрек ресурстарын дайындауға төлемақы мөлшерлемелері**

*Ескерту. 1 қосымша жаңа редакцияда – Ақтөбе облыстық мәслихатының 03.06.2016 № 24 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).*

№	Қосалқы сүрек ресурстарының түрлері	қабықтар, тонна (АЕК)	бұтақтар, тонна (АЕК)	түбірлер, тонна (АЕК)	тамырлар, тонна (АЕК)	жапырақ, тонна
1.	Қарағай	0,021	0,042	0,0105	0,063	0,0315

2.	Емен, шаған	0,041	0,082	0,0205	0,123	0,0615
3.	Жабысқақ қара қандыағаш, үйеңкі, шегіршін, жөке	0,014	0,028	0,007	0,042	0,021
4.	Қайың	0,016	0,032	0,008	0,048	0,024
5.	Көктерек, ағаш тектес тал, терек	0,011	0,022	0,0055	0,033	0,0165
6.	Сары қараған, бұта тектес талдар, шырғанақ, жүзгін, шеңгел және өзге де бұталар	0,012	0,024	0,006	0,036	0,018

Негіздеме: Мемлекеттік орман қоры учаскелерінде орман пайдалану төлемақы мөлшерлемелерінің есебі, "Ақтөбе облысының табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасы" ММ жасалып және "Ақтөбе облыстық орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі аумақтық инспекциясы" ММ келісілген.

2009 жылғы 21  
желтоқсандағы  
№ 236  
облыстық  
мәслихаттың  
шешіміне 2  
қосымша

**Мемлекеттік орман қоры учаскелерін жанама орман пайдалану үшін төлемақы мөлшерлемелері**

*Ескерту. 2 қосымша жаңа редакцияда - Ақтөбе облыстық мәслихатының 03.06.2016 № 24 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).*

№ р/с	Жанама орман пайдаланудың түрлері	Өлшем бірлігі	Төлемақы мөлшерлемелері, теңге
-------	-----------------------------------	---------------	--------------------------------

1.	Шөп шабу, соның ішінде шабындық жерлердің сапалық жай-күйінің топтары бойынша:		
1.1	жақсы	гектар	1564
1.2	қанағаттанарлық	гектар	1173
1.3	нашар	гектар	912
2.	Мал жаю, соның ішінде ауыл шаруашылық жануарларының топтарына сәйкес малдың бір басын жаю үшін:		
2.1	түйе	бас	912
2.2	ірі қара мал, жылқы	бас	730
2.3	ірі қара малдың төлі, есек	бас	365
2.4	ешкі	бас	638
2.5	қой	бас	182
3.	Орман қоры учаскелерін бау-бақша, басқадай ауыл шаруашылық дақылдарын өсіру, плантациялық орман өсіру мен орман тәлімбақтарын ұстау үшін қолдану		
3.1	ауданы 0,50 гектарға дейін болса	0,01 гектар	20

3.2	ауданы 0,50 гектардан жоғары болса	0,01 гектар	100
-----	------------------------------------------	----------------	-----

Негіздеме: Мемлекеттік орман қоры учаскелерінде орман пайдалану төлемақы мөлшерлемелерінің есебі, "Ақтөбе облысының табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасы" ММ жасалып және "Ақтөбе облыстық орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі аумақтық инспекциясы" ММ келісілген.

2009 жылғы 21  
желтоқсандағы  
№ 236  
облыстық  
мәслихаттың  
шешіміне 3  
қосымша

**Аңшылық шаруашылығының мұқтаждықтары үшін, ғылыми-зерттеу, мәдени-сауықтыру, туристік, рекреациялық және спорттық мақсаттарда мемлекеттік орман қоры учаскелерін пайдалану үшін төлемақы мөлшерлемелері**

*Ескерту. 3 қосымша жаңа редакцияда – Ақтөбе облыстық мәслихатының 03.06.2016 № 24 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).*

№ р/с	Пайдалану түрлері, соның ішінде мерзімдері бойынша	Өлшем бірлігі	Төлемақы мөлшерлемелері (теңге, АЕК)
Ұзақ мерзімді орман пайдалану (10 жылдан 49 жылға дейін)			
1.	Мемлекеттік орман қоры учаскелерін туристік, рекреациялық және спорттық мақсаттары үшін пайдалану	гектар	5946
2.	Мемлекеттік орман қоры учаскелерін	гектар	652

	Ғылыми-зерттеу, мәдени-сауықтыру мақсаттары үшін пайдалану		
3.	Мемлекеттік орман қоры учаскелерін аңшылық шаруашылығының мұқтаждықтары үшін пайдалану	гектар	1303
Қысқа мерзімді орман пайдалану (1 жылға дейін)			
4.	Мемлекеттік орман қоры учаскелерін туристік, рекреациялық және спорттық мақсаттары үшін пайдалану	адам-күн	0,1 АЕК
5.	Мемлекеттік орман қоры учаскелерін ғылыми-зерттеу, мәдени-сауықтыру мақсаттары үшін пайдалану	адам-күн	0,1 АЕК

Негіздеме: Мемлекеттік орман қоры учаскелерінде орман пайдалану төлемақы мөлшерлемелерінің есебі, "Ақтөбе облысының табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасы" ММ жасалып және "Ақтөбе облыстық орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі аумақтық инспекциясы" ММ келісілген.